

## **Бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы**

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2023 жылғы 27 маусымдағы № 269/4 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 29 маусымда № 6450-09 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы шешім 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.**

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Шахтинск қалалық мәслихат ШЕШТІ:

1. Бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері салықтық кезеңде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4% - дан 2% - ға төмендетілісін.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Шахтинск қалалық мәслихатының төрағасы*

*Ж. Мамерханова*